

Мәслихаттың 2013 жылғы 18 ақпандағы № 74 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 144 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 наурызда № 4509 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 206 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 26.02.2015 № 206 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1316 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қаулысына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 18 ақпандағы № 74 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4060 тіркелген, 2013 жылғы 26 наурызда "Біздің Торғай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жангелдин ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға): жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлем ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлем ақысын төлеуге;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі; аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстарының сомасы ретінде айқындалады.";

11 - тармағы алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға таратады.

	<i>Жангелдин</i>	<i>аудандық</i>
	<i>мәслихатының</i>	<i>кезектен</i>
<i>тыс сессиясының төрағасы</i>	<i>Т. Ахметов</i>	
	<i>Жангелдин</i>	<i>аудандық</i>
<i>мәслихат хатшысы</i>	<i>С. Нургазин</i>	
<i>КЕЛІСІЛДІ:</i>		

	<i>"Жангелдин ауданының жұмыспен</i>
	<i>қамту және әлеуметтік бағдарламалар</i>
	<i>бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>
_____	<i>Л. Зейнекина</i>
	<i>"Жангелдин ауданының қаржы бөлімі"</i>
	<i>мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>
_____	<i>Д. Аренова</i>
	<i>"Жангелдин ауданының экономика</i>
	<i>және бюджеттік жоспарлау бөлімі"</i>
	<i>мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>
_____	<i>Е. Биржикенов</i>